



Автор: Әліпбекова Торғын Талғатқызы kostanay11.2 Талғатқызы

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Табиғи құбылыстар

Тақырып: Жұмбаққа толы әлем

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.3.1Шығарманың тақырыбына сай бейнебаяндарды қарай отырып, өз ойларын қосады. 2.1.4.1Топ оқушыларымен бірлесе жұмыс жасай отырып, қорытынды шығарады. 4.3.2.1 Тақырыпқа сай өлең құрастыру дағдылары қалыптасады. 4.1.2.1 – ән айту ережесін сақтай отырып, түрлі сипаттағы екі дауысты қарапайым элементтері бар әндерді орындау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Оқушылар тақырыпқа сай ой жинақтап, тақырыпты ашады. Көрнекіліктерді пайдаланып мәтін мазмұнын талдайды. – әртүрлі көңіл күйдегі музыкалық шығарма мен әндердің көркемдеуіш құралдар арқылы табиғат құбылыстарын бейнелей алатынын біледі; Оқушылардыңбасымбөлігі: Табиғаттаңғажайыптарыбейнежазбасынталдаудабелсенділіктанытады. – әнді орындау талаптарын біледі, мүмкіндігінше іс жүзінде пайдаланады; -өзінің және өзгенің жұмысын бағалайды. Кейбіроқушылар: Табиғаттағызаңдылықтардыкөрсетеалады – әнді орындау талаптарын біледі, іс жүзінде пайдаланады; – өзінің жұмысын бағалайды, өзгенің жұмысын бағалайды және бағдар береді.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік қорларын жетілдіре отырып, үштілділікті дамыту
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар табиғат құбылыстарын анықтай алады Табиғат құбылыстарын музыкалық аспапта көрсетеді
Бағалау критерийлері:	Шығарма мазмұнына қарапөлеңшумағынболжайды. Түрлі жанр бойыншашығармашылықжұмысістейді. – өзінің және өзгенің жұмысын бағалайды. -әнді талап бойынша орындайды
Құндылықтарды дарыту:	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнежазба көру үшін ғаламторды пайдаланады.
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, музыка, математика, қазақ тілі, өзін өзі тану
Бастапқы білім:	Жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары, табиғат апаттары жайлы білімқоры.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Қызығушылықты ояту. 3 тілде әнмен амандасу. -Көңіл күйлерін бас бармақ әдісімен көрсету. Көңілді күн әнімен сабақты бастап көңілдерін көтеру. -Балалар көңіл күйлерімізді қандай түстермен көрсетуге болады? Ендеше осы түске байланыстырып жұмбақтарды шешейік 3 түрлі қалпаққа жұмбақты қою арқылы топ атын анықтап алу. Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр, От жағып,дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (найзағай) Таңмен көзін ашады, Әлемге нұр шашады. (Күн) Тікен,тікен тік пісте. Қысы жазы бір түсте (шырша) Жасыл қалпақ-«Шыршалар» тобыСары қалпақ- «Күн шуағы» тобы Қызыл қалпақ-«Найзағай» тобы Өткенсабақ бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы «Кір жаю» әдісіқолданылады. 1.Шөл өсімдіктерінің ерекшелігі?(жұм-) 2.Дүние жүзіндегі еңүлкен шөлдер?(бақ-) 3. Азияда орналасқан ең үлкен құмды шөлдер?(қа-) 4.Шөлді жердің жануары не жәндіктерін ым-ишара қимылмен білдір.(то-)5.Шөлді далада өсетін өсімдіктерді ата (лы-) 6.Шөл сөзінің мағынасы (ә-) 7. «Оқжылан» деген не? (лем) «Жұмбаққа толы әлем» «Ой қозғау» әдісі бойынша «Табиғаттың ғажайыптары деген не?» деген сұрақ қоюға болады. Оқушыларөзойларынашықайтады. Адамзат баласы біле бермейтін табиғаттың жұмбаққа толы қырлары бар екенін айта келіп, жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлауға болады. (ЖЖ) Оқушылар ойлары тыңдалып болған соң тақтадан бейнебаян көрсетіледі. Бейнежазба бойынша қысқаша талдау жұмысын жүргізу. -Бейнебаяннан қандай құбылыстарды көргендеріңді парақшаға жазу. «Үштік» әдіс айдары бойынша оқулықтағы тапсырманы әр топ талдап, берілген сөздердің реттік тізбегін анықтайды: Аптап, күннің батуы, шығуы; Таңның ағаруы, таңның білінуі, Күннің көтерілуі; Толған Ай, жарты Ай; Бұлт, лай, жаңбыр Дескрипторы: 1. Әр қатардың реттік тізбегін анықтайды. 2. Тізбектегі ретін қою себебін дәлелдейді. 3. Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. 3.Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады. Әуендерді тыңдау арқылы табиғат құбылысын анықтау. 1- Жел әуені (С.Еркінбеков) Сұрақтар: -Көз алдарыңа не елестеді? -Қандай аспаптарды пайдаланған? - Орган аспаптары туралы не білесіңдер? Ал, енді келесі дыбысты тыңдап корейік. Жаңбыр мен найзағай дыбысы тыңдатылады. -Сұрақтар: -Бұл қандай құбылыс? -Осы дыбысты қандай аспаппен орындауға болады? (симфониялық-литавра,қазақ-дауылпаз, орыс -барабан.) Ендеше бәріміз орнымыздан тұрып, әнді айтып көрейік -2 топқа бөлініп канон түрінде айтқызу -Жаңбырдан кейін қандай құбылыстар болады? Күн шығады.
Сабақтың ортасы	(Т) «Түсініп оқы» айдары бойыншаәр топ берілген өлеңдер топтамасын оқып, тапсырмаларды орындайды. Табиғат ханшайымы сандығынан сөздерді алу арқылы әр топ өлеңді бөлісіп алады.(Аспан, күн, ай,шолпан,құс жолы, үркер) I топ –«Шолпан», «Үркер» өлеңін 1-жақта (мен) өзгертіп оқиды. II топ – Құсжолының бейнесін ақын қай тәсіл арқылы суреттегенін анықтайды. «Аспан» шығармасын хормен оқылады III топ – «Ай» «Күн» шығармасы бойынша сурет салып қорғап хормен оқиды. Бағалау от шашу арқылы ҚБ:«Ду қол шапалақ» әдісі бойынша дұрыс орындалған тапсырмаға қол шапалақтау арқылы қолдау көрсету жүзеге асады. Орман іші сондай тынық.(2 қолмен арқаны сипау.)Күннің көзі нұрлана шығып тұр.Жан жағымыздағы ағаштар желмен қоса тербеліп тұр. (2 қолмен арқаны иректеп уқалау) . Кенет аспанда қара бұлт пайда болып, жаңбыр сіркірей бастады. Найзағай ойнап, қатты жел тұрды. Біз бәріміз пана іздеп жүрміз. Алдымызда кішкентай үйшік көрінді. Бәріміз үйшікке қарай беттедік. Үйшікке жүгіре бергеніміз сол еді, жел басылып, жаңбыр ақырын ғана сіркіреп күн сондай ашылды.
Сабақтың соңы	«Планетарий» мәтінін оқуды ұйымдастыру. Мәтінге қатысты класстер құрастыру Дескрипторы: 1. 1. Мәтінді түсініп оқиды. 2.Мәтінге байланысты сөздерді табады Ай не күн туралы 5 жолды өлең құрастыру. С ұ р а қ т а р : -Бұл қандай құбылыс? -Осы дыбысты қандай аспаппен орындауға болады? Жау-жау жаңбыр әнін толық және канон ретінде орындау



5e32b13d16f19.jpeg

Image not found or type unknown

5e32b14ce8365.jpeg

Image not found or type unknown

5e32b15f58457.jpeg

Image not found or type unknown

Рефлексия

Рефлексия (ЖЖ) «Бес қадам» әдіс бойынша әр топ оқушылары сабақты қорытындылайды. Дескрипторы: Оқушылар өз өздерін бағалап, сабақтың қорытындысын шығарады. Үйге тапсырма: Музыка пәнінен «Жау-жау жаңбыр» әнінің 2 шумағын жаттау Әдебиеттен аспан денелері туралы ертегі құрастыру